

**«ҚАЗПОЧТА» АҚ ДИРЕКТОРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ
АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ
КОМИТЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ
2016 ЖЫЛ БОЙЫНША
ЕСЕПТЕМЕСІ**

Астана қ., 2017 жыл

**"Қазпочта" АҚ Директорлары кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі
комитетінің 2016 жылғы қызметі туралы
ЕСЕПТЕМЕСІ.**

1. Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің қызметін жүзеге асыру

"Қазпочта" АҚ директорлары кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2016 жылғы қызметі туралы осы есеп 2015 жылғы 27 мамырда «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Басқармасымен бекітілген "Қазпочта" АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және 2015 жылғы 21 қазандағы "Қазпочта" АҚ Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ережеге (№11/15 хаттама) сәйкес, сондай-ақ қазақстандық халықаралық компанияларға қатысты корпоративтік басқаруда қолданылатын ұсыныстар мен үздік тәжірибелерді ескере отырып дайындалған.

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің (әрі қарай - Қоғам) 2006 жылғы 22 қыркүйектегі шешіміне сәйкес құрылған.

Комитет қызметінің мақсаты мына мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің қабылданатын шешімдерінің сапасын арттыру болып табылады:

1) Қоғамның қаржылық қызметіне бақылаудың тиімді жүйесін бекіту (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы үшін);

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету;

3) сыртқы және ушкі аудит үдерістерінің тәуелсіздігі мен тиімділігіне бақылау;

4) Қоғамдағы корпоративтік басқаруды жетілдіру;

5) Комитетте немесе Қоғамның Директорлар кеңесінде қарастыруға Комитет мүшелерімен ұсынылған өзге да мәселелер.

Комитет өз қызметін 2015 жылғы 21 қазандағы Қоғамның Директорлары кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ережеге (№11/15 хаттама) сәйкес жүзеге асырады.

Комитет ішкі бақылау және сәйкестендіру бойынша рәсімдер, тәуекелдерді бағалау және олардың есептіліктері бойынша Қоғамның қаржылық есептілік үдерісінің тиімділігінің талдауы үшін жауапты болып табылады. Комитет сондай-ақ Қоғамның тұтастық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктерін қадағалайды, аудит мәселесі бойынша сыртқы аудиторлармен өзара әрекет етеді, сонымен қатар Қоғамның Ішкі аудит қызметі жұмысының рөлі мен тиімділігін бақылап отырады.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Комитеттің сандық құрамын, құзыреттіліктер мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыреттелігіне жатады. Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес Комитет Төрағасы тәуелсіз директорлар санынан сайланады, сонымен қатар Комитет құрамында оның мүшелерінің кем дегенде бірі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті және/немесе қаржыларды және/немесе аудитті дайындау саласындағы жұмыс тәжірибесіне ие болуы тиіс. 2016 жылғы 19 мамырда Комитет Төрағасымен Тәуелсіз аға директор Эдриан Хоуинк сайланды, ол түрлі жылдарда ABN AMRO банкінде және P/c Шотландияның Корольдік банкінде (Шотландияның корольдік банкі, Лондон, Амстердам) басшылық лауазымдарды иеленді. Сондай-ақ ол бірігу мәмілелері және жұтылу, қайта құрылымдау, шығыстар мен кірістерді басқару, басқарушылық есептілікті жасау және бюджеттеу және болжау мәселелерінде маманданған.

2016 жылы Комитет құрамына кірді:

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы			
№	Аты-жөні	Лауазымы	Комитет мүшесі болып тағайындалды:
1	Жанат Бердалина	"Қазпочта" АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2014 жылғы 03 сәуірден бастап 2016 жылғы 19 мамырға дейін
2	Эдриан Хоуинк	"Қазпочта" АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2012 жылғы 27 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Дмитрий Жуков	"Қазпочта" АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2014 жылғы 03 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін
4	Ернар Жанадил	«Самұрық-Қазына» АҚ ішкі аудит қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз сарапшы)	2015 жылғы 16 сәуірден бастап 2016 жылғы 15 сәуірге дейін
5	Малика Капарова	«Самұрық-Қазына» АҚ ішкі аудит қызметі басшысының м.а. (сарапшы)	2016 жылғы 16 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін
6	Ораз Жандосов	"Қазпочта" АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2016 жылғы 19 мамырдан бастап 01 қарашаға дейін
7	Марк Хьюз	"Қазпочта" АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2016 жылғы 01 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін

Бердалина Жанат Колановна 2016 жылғы 19 мамырға дейін Комитеттің төрайымы болды. Сол күні Эдриан Хоуинк «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің 19.05.2016 ж. (№05/16 хаттама) шешіміне сәйкес Комитет төрағасы болып сайланды.

Осылайша, 2016 жылғы 1 қарашадан бастап «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің құрамына кіреді:

Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің құрамы (31.12.2016 ж. жағдайы бойынша)			
№	Аты-жөні	Лауазымы	Комитет мүшесі болып тағайындалды:
1	Эдриан Хоуинк	"Қазпочта" АҚ тәуелсіз аға директоры, Комитет Төрағасы	2016 жылғы 01 қарашадан бастап
2	Дмитрий Жуков	"Қазпочта" АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2016 жылғы 01 қарашадан

			бастап
3	Марк Хьюз	"Қазпочта" АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2016 жылғы 01 қарашадан бастап
4	Капарова М.С.	«Самұрық-Қазына» АҚ ішкі аудит қызметінің бас менеджері, Комитет сапаршысы.	2016 жылғы 01 қарашадан бастап

2. Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2016 жылғы қызметі.

2015 жылғы 23 желтоқсанда Комитет 2016 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

2016 жылы Комитет барлығы 10 күндігі отырыстар өткізді. Отырыстардың күн тәртіптеріне сәйкес Комитет 78 мәселені қарастырды және Қоғамның Директорлар кеңесіне сәйкес ұсыныстар берді.

Есептік кезеңде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыреттілігіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қарастырылды.

Есептік кезеңде Комитет отырыстарының саны арта түсті.

Қаржылық есептілік мәселелері бойынша Комитет:

- "Қазпочта" АҚ 2015 жылғы жылдық қаржылық есептілігінің жобасын қарастырды;
- Басшылыққа жолданатын хат жобасын қарастырды;
- "Қазпочта" АҚ 2015 жылғы Жылдық қаржылық есептілігі қарастырды;
- 2015 жылғы қаржылық есептілік аудитінің қорытындылары бойынша «КПМГ Аудит» ЖШС ұсыныстар бойынша Іс-шаралар жоспары ескерді;
- "Қазпочта" АҚ-ң 2016 жылдың 6 және 9 айы бойынша қаржылық есептіліктерінің шолуын қарастырды;
- Қаржылық есептілік аудитінің қорытындысы бойынша сыртқы аудитордың ұсынымдарын орындау бойынша Іс-шаралар жоспарын орындау туралы есептерді қарастырды;
- банктер- контрагенттермен белсенді операцияларға лимиттер туралы мәселелерді қарастырды;
- «Жалпы қызмет көрсету орталығы» филиалының қызмет етуінің жылдық қаржылық есептілікті дайындауға әсері туралы ақпаратты қарастырылды;
- 2016 жылғы 6 ай бойынша қаржылық есептіліктің шолуын қарастыру мәселелері және аудиторлық жоспарлау мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен кездесулер өткізді.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің мәселелері бойынша:

Комитет алдын ала қарастырды және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынды:

- "Қазпочта" АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құру бойынша тұжырымдама;
- "Қазпочта" АҚ тәуекел-тәбет, карта мен тәуекелдер тіркелімі, "Қазпочта" АҚ 2016 жылдағы шешуші тәуекелдерге төзімділік;
- 2016 жылы қызыл аймақтағы тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары;
- тәуекелдер туралы және қызыл аймақтағы тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын орындау туралы тоқсан сайынғы есептер;
- Директорлар кеңесінің және Басқарманың «жедел желісінің» механизмін пайдалану бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 27.08.2013 жылғы Қаулысының (№214) талаптарына сәйкес "Қазпочта"АҚ 2015 жылғы тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау бойынша есеп;

- Аудиттің халықаралық стандарттары тұрғысынан ішкі бақылау жүйесі аясында әзірленген "Қазпочта"АҚ АПБТ тексерудің типтік бағдарламалары және әдіснамасы;

- кассалық тәртіпті бұзу салдарынан өткізілген ұрлау тәуекелдері бойынша ақпарат;

- «Қазпочта» АҚ инкассация» қызметі бойынша ақпарат және күн сайынғы балансты жабу бойынша проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары бойынша ақпарат;

- Ұрлау тәуекелдерін, сондай-ақ кезеңнің уақытылы жабылуына қол жеткізу және транзиттік есеп шоттар бойынша қажетті қаржылық шығындарды көрсете отырып, күн сайынғы нөлдік балансты жабу бойынша ұсыныстарды минималдау бойынша іс-шаралардың кешенді жоспары;

- Қызыл аймақтың 2017 жылғы тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспары.

- Ұрлау тәуекелдерін минималдау бойынша іс-шаралардың кешенді жоспарының табыстылығын өлшеу механизмі.

Комитетпен алдын ала қарастырылды және Директорлар кеңесіне таныстырылуға ұсынылды:

- «Қазпочта» АҚ жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы әрекет ету бойынша тоқсан сайынғы есептер;

- «Қазпочта» АҚ құнды қағаздар портфелі туралы тоқсан сайынғы есептер;

- Қаржылық есептілік аудитінің қорытындылары бойынша «КПМГ Аудит» ЖШС ұсынымдарын орындау бойынша іс-шаралар жоспарын орындау туралы «Қазпочта» АҚ күн сайынғы есептері;

- 2015 жылдың жұмыс қорытындылары бойынша «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің аудиті және тәуекелдері бойынша Комитеттің есебі;

- Қордың, мемлекеттік органдардың тексеру нәтижелерінің қорытындылары бойынша берілген ұсынымдардың/нұсқамалардың орындалу барысы туралы ақпарат;

- «Қазпочта» АҚ Жалғыз акционерінің «Қазпочта» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштер туралы ақпарат;

- халықаралық эквиваленттік емес операциялар бойынша және кадрлық есепті автоматтандыру мәселелері бойынша тәуекелдерді бағалау бойынша ақпарат;

- «Қазпочта» АҚ беретін есептеріне қатысты ақпарат.

Комитет келесі мәселелердің қарастырылуына және шешілуіне басым назар аударды:

- «Қазпочта» АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі;

- «Қазпочта» АҚ тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару жүйесін құру бойынша тұжырымдама;

- алаяқтық схемаларын қарастыру;

- Қоғамдағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, атап айтқанда «Қазпочта» АҚ 2016-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру бағдарламасын бекіту және «Қазпочта» АҚ 2015 жылғы Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының іске асырылуы туралы есепті қарастыру;

- тексерістер нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ескертулерін жою;

- тәуекелдерді қызыл аймақтан шығару бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру.

Сыртқы аудит мәселелері бойынша:

2016 жылы Комитет жылдық қаржылық есептілікті дайындау мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен үш кездесу өткізді.

Сыртқы аудит мәселелері бойынша:

Комитет 2016 жылға Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүргізілген тексерулер бойынша аудиторлық есептерді зерделеді. Комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның ішкі аудит Қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) басшысы, бас аудиторлар мен аудиторлар лауазымына үміткерлерге қатысты ұсынымдар ұсынды. Сондай-ақ, 2016 жылғы 19 мамырда «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен ІАҚ басшысы ретінде Сағиев Еркебұлан тағайындалды, ол осы күнге дейін ІАҚ басшысының міндеттерін атқарып келді.

Директорлар кеңесінің бекітуіне Комитетпен ұсынылды:

- ІАҚ 2015 жылғы жылдық есебі;
- ІАҚ 2016 жылғы тоқсан сайынғы есебі;
- ІАҚ ПӘК 2016 жылға арналған картасы;
- ІАҚ 2017 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары;
- ІАҚ қызметкерлерінің баға форматы және жеке даму жоспарының форматы;
- ІАҚ қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерін каскадтау бойынша ақпарат
- ІАҚ 2016-2019 жылдарға арналған даму стратегиясы.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша Комитет қарастырды:

- «Қазпочта» АҚ 2015 жылы Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын іске асыру туралы есепті;
- «Қазпочта» АҚ 2016-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдірудің орташа шұғыл бағдарламасын;
- 2016 жылғы алты айдың және тоғыз айдың қорытындылары бойынша «Қазпочта» АҚ 2016-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдірудің орташа шұғыл бағдарламасының орындалуы туралы есепті;
- «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің 2017 жылға арналған жұмыс жоспарын.

Трансформациялау мәселелері бойынша Комитет қарастырды:

- «Қазпочта» АҚ Трансформациялау Бағдарламасына ішкі аудиттің нәтижелері туралы мәселені.

Есептік кезеңде Комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне бекітуге келесі құжаттарды ұсынды:

- 1) «Қазпочта» АҚ брокерлік қызметінің регламентін;
- 2) Брокерлік қызметтерді және «Қазпочта» АҚ номиналдық ұстау қызметтерін көрсету тәртібін;
- 3) «Қазпочта» АҚ дилерінің регламентін;
- 4) «Қазпочта» АҚ тәуекелдерді сақтандыру бойынша ережелерді;
- 5) «Қазпочта» АҚ «жедел желісіне» келіп түскен ықтималды бұзушылықтар туралы өтініштермен жұмыс жасау бойынша саясатты.

Комитеттің 2016 жылғы отырыстары:

Комитет мүшелерінің және сарапшысының 2016 жылы аудит және тәуекелдер жөніндегі отырыстарға қатысуы				
№	Т.А.Ә.А.	Бір жылдағы	Бір жылда	Отырыстарға

		барлық отырыстар (саны)	отырыстарға қатысу (саны)	қатысу (%)
1	Жанат Бердалина	6	6	100
2	Эдриан Хоуинк	10	10	100
3	Дмитрий Жуков	10	10	100
4	Ернар Жанадил	5	3	60
5	Малика Капарова (сарапшы)	4	3	75
6	Ораз Жандосов	3	1	33
7	Марк Хьюз	1	1	100

Трансформациялау бағдарламасы шеңберінде Комитет мүшелері, Басқарма мүшелері және Қоғамның негізгі қызметкерлері қатысқан іс-шаралар өткізілді:

- 1) Инвестициялық жобалар бойынша Infoday - 16 наурыз Астана қ.
 - 2) Инвестициялық жобалар бойынша Infoday— 2016 жылғы 15 сәуір Алматы қ.
- Оған қоса, Комитет мүшелері мыналарға қатысты:

1) "Самұрық-Қазына"АҚ ұйымдастырылған "Корпоративтік басқару: Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына жаңа көзқарас" тақырыбы бойынша Ұлттық форумына;

- 2) Астананың ІХ экономикалық форумына.

Сондай-ақ Комитеттің төрағасы Португалия, Лиссабон қ. өткізілген MisysFinancialSoftware" озық технологиялар орталығындағы референс-сапарға қатысты.

Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер бойынша комитетінің қызметін бағалау

Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметіне 2015 жылғы 1 сәуірден бастап 2016 жылғы 1 маусымға дейінгі кезең үшін директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, директорлар кеңесі төрағасының, мүшелерінің және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ еншілес компанияларының корпоративтік хатшысының өздік бағалауын өткізуді шешті.

Өздік бағалаудың нәтижелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі 2016 жылғы 9 желтоқсанда Директорлар кеңесінің қызметін, Директорлар кеңесінің әр мүшесінің және «Қазпочта» АҚ корпоративтік хатшысының жеке кәсіби дамуын жетілдіру бойынша 2017 жылға арналған Іс-шаралар жоспарын бекітті.

3. Қорытынды

Комитет 2016 жылғы мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттемелерді Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес толық көлемде орындады.

Комитетпен отырыстардың күн тәртібіндегі барлық сұрақтар жан жақты қарастырылды, Қоғамның Директорлар Кеңесімен қабылданған ақылға салынған және нақты ұсынымдар берілді.

Комитет жұмысы едәуір дәрежеде Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттырды. Өз кезегінде, бұл Қоғамның корпоративтік басқару рейтингінде оң көрініске ие болды, сондай-ақ бизнес-процесстерді ұйымдастыруды жақсартуға, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға, Қоғамдағы тәуекелдердің айқындылығы мен оларды басқаруға оң әсер етті.